

**№33 «Жуантөбе» жалпы орта мектебінде психологиялық жүргізілген жұмыстардың
2022-2023 жж. жылдық есебі.**

Педагогикалық-психологиялық қызметті ұйымдастыру.

2021 жылғы 16 қыркүйектегі №472 бұйрығы негізінде, орта білім беру ұйымдарында психологиялық жұмыс істеу қағидасына сәйкес Білім беру ұйымдарында білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету мақсатында:

2022-2023 оқу жылының басында білім беру жүйесінде психологиялық жұмыстарды жүргізу барысында іс-әрекеттің

5 бағыты бойынша оқу бағдарламасы, №377 бұйрық бойынша жылдық жоспар құрылды. Жоспар бойынша, психологиялық анықтау жұмысын жүргізу мақсатында мектептегі әр сыныптың оқушыларының тізімдері, үйден оқитын оқушылардың, шағын орталық, педагогикалық ұжымның тізімдері алынып, дарынды оқушылар және агрессивті мінез-құлыққа бейім оқушылар анықталды. Үйден 4 оқушы оқиды.

I. Шағын орталық тәрбиеленушілерімен жүргізілген жұмыстар: қыркүйек айында балалардың тізімдері алынды. МАД тобында 20 бала бар. Бейімделуге байланысты «Кел танысайық», «Ұшты-ұшты» ойындары, қазан айында қарым-қатынастарын дамытуда «Ине мен жіп» ойыны өтілді. Ата-аналардан «Ата-анының баламен қарым-қатынасы» мәлімет-сауалнамасы алынды, «Ойынның бала дамуына әсері» шағын-дәрісі интернет желісімен жіберілді. Желтоқсан айында «Ине мен жіп» ойыны өтілді. Ересек топ балаларымен саусақ моторикаларын дамыту мақсатында «Суретті сәйкестендіру» тапсырмасы орындалды. Қараша айында «Он айырмашылықты тап» тапсырмасын орындады. Танымдық үрдістерінің дамуына зерттеулер әлі толық жүргізілен жоқ. Желтоқсан айында «Кім жылдам?» түстерді ажырату, икемділіктерін қалыптастыру ойыны жүргізілді. Балалардың топ өміріне бейімделулері жақсы.

II. I сынып оқушыларының бейімделуі :

2022-2023 оқу жылында I «а» сыныбында 24 оқушы бар. Сынып жетекшісі

Ж. Аманжолова

I «а» сыныбында 24 оқушы бар. Сынып жетекшісі: Г.Омбаева.

I «б» сыныбында 25 оқушы бар. Сынып жетекшісі: М.Акирова.

I «в» сыныбында 24 оқушы бар. Сынып жетекшісі Н.Қапланова.

Сынып жетекшілерінің сынып оқушыларымен қарым-қатынасы жақсы деңгейде, оқушылар сабаққа көтеріңкі көңіл күймен келеді. Сынып жетекшілері сынып оқушыларының мектеп

өміріне бейімделуіне жағдай жасауда, сабақ барысында сергіту жаттығулары жүргізіледі. Ата-ана тарапынан үйдегі оқытуға қадағалау бар.

1. Қыркүйек айында 1 «а-ә-б-в» сынып оқушыларынан: 1 «Керн-Йерасек» тесті, соның ішінде «Сөздер көшірмелері», «Нүктелер көшірмесі», «Ер адам суреті» әдістері алынды. Мақсаты: Оқушының оқуға дайындығын анықтау.
2. 1 «а-ә-б-в» сынып оқушыларымен тренинг сабақ өтілді. Топта психологиялық жайлылық атмосферасын құру мақсатында «Менің есімім» жаттығуында оқушылар шеңбер бойымен тұрып, өздерін таныстырды. «Шаттық шеңбері» жаттығуында оқушылар өздерінің көңіл күйлерін айтып, мектепке барлық оқушы жақсы көңіл күйде келетіндіктерін айтты. Тренинг барысында оқушылар бір-біріне жылы тілектерін айта алды. Сондай-ақ сергіту сәтін жасады.
3. Қараша айында «Керн-Йерасек» тесті қайталап алынды. Қыркүйек айындағы нәтижемен, оқушылардың мектепке дайындық деңгейін қайта тексеру үшін. Сыныптың оқушыларында ілгерілеу бар, оқушылар әдістемені тез орындап шықты мектепке дайындық деңгейлері жақсарған қыркүйек айымен салыстырғанда жоғары ұлай алды.
4. Желтоқсан айында «Суретті көшіріп салу» әдістемесі алынды. Оқушылар толық қатысып отырды. Жетіспеген бөлшектерін салды суреттің, Қабылдау деңгейлері жақсы, суретпен жұмыс жасай алады. Оқушылардың өздерін бағалауы, бір-бірімен араласуы жақсы. Жаңа ортаға бейімделген. Зейін, есте сақтау қабілеттері қалыпты. Қимыл қозғалыстары белсенді. Жазу, оқу, сызу, сөздік қорлары жалпы жақсы деңгейде. Мектепке бейімделген.

III. 5 сынып оқушыларын бейімделуіне жүргізілген жұмыстары : 5 «а-ә-б-в» сыныбында оқушылардың сынып жетекшісімен қарым-қатынастары жақсы. Сыныпта белсенді оқушылар көп. Сыныпта тұйық оқушы жоқ. Жалпы оқушылар тыңдауға, өз бетімен тапсырманы орындауға қалыптасқан, белсенді.

- Ата-аналарға «Ата-аналарға 10 кеңес», «5 сынып оқушыларының бейімделу ерекшеліктері» слайд түріндегі кеңестері берілді.
- Қыркүйек «Маған 5 сыныпта оқыған ұнайды» әңгімелесу әдісі жүргізілді. Бұл әңгімелесуде оқушыларға қиындық тудырған: мұғалімдерді аты-жөнімен атау және математика пәніндегі қиын есептер.
- Қазан айында оқу мотивациясын анықтау мақсатында «Түймедақ » әдісі алынды. Оқушылардың ұнайтын, ұнатпайтын және қиындық туғызып жүрген пәндері анықталып, талдауы жазылды. Оқушыларға қиындық туғызып жүрген пәндері пән мұғалімдеріне ескертілді. «Өз қорқынышыңды жеңе біл» тренингі өтілді. Оқушылар

жанадан қосылған пән жетекшілеріне үйреніп, қалыптасқан. Оқушылар көбінесе қараңғыдан, биіктіктен қорқалды.

- Қараша айында оқушылардан «Социометрия» әдістемесі алынды. Мүлдем таңдалмаған оқушы жоқ, сыныптың өзара қарым-қатынастары жақсы.

-Балалардың оқуға ынтасын зерттеу мақсатында «Бейімделу сауалнамасы» алынды. Балалардың оқуға ынталары жақсы. Сонымен қатар «7 сөз» ойлауды дамыту әдістемесі алынды. Балалардың ойлау қабілеттері жақсы.

IV. Кәсіби бағыттау бойынша жүргізілген жұмыстарға талдау /9 сынып/:

Жыл басында құрылған жоспар бойынша оқушылардың кәсіби-ой ниетін, бағытын анықтау және психологиялық тұрғыда кеңес беру жұмыстары толық жүргізілді. Хаттамасы жазылды. 9 сынып оқушыларынан кәсіби бағыттау бойынша алынған тест, сауалнамалардың нәтижесі:

№1. «Сенің кәсіби-ой ниетің» сауалнамасының нәтижесінде 9а сыныбынан 1, 9б сыныбынан 3 оқушы, барлығы 4 оқушы колледжге барады.

№4. «Қызығушылық картасы» (Голомшток картасы) бойынша 174 сұрақтан тұратын тесті оқушылар өздері белгілеп, нәтижесі шығарылды.

V. Дарынды оқушылармен жұмыс: Жалпы мектеп бойынша 33 дарынды оқушы бар. Бастауыш сыныпта-

11. 5-6 сынып оқушыларымен «Суретті аяқтау» Торренс әдістемесі, 2-4 сынып оқушыларынан «Бала қабілетінің даму деңгейі» Хаан. Г.Кафф сауалнамасы ата-аналарынан алынды, 4-5, 9-11 сыныптардан «Мюнстенберг» әдістемесі алынды. Оқушылардан алынған әдістемелер бойынша қабілеттері жақсы, тапсырмаларды жоғары деңгейді орындап отыр, зейіндері тұрақты, шығармашылық ойлау деңгейлері қалыпты.

VII. Ата-аналармен жұмыстар: Бастауыш сынып ата-аналары қыркүйек айында «Сіздің баланыңыздың қызығушылығы» 1 сынып ата-аналарынан сауалнама алынды. Қазан айында «1 сынып оқушыларының мектептегі оқуға бейімделуі» тақырыбында жиналыс өткізілді. Қазан айында «Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу» бойынша жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді.

Қараша айында «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі» тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді.

16 күндік «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында келген іс-шара бойынша «Бала қауіпсіздігі басты назарда», «Ұл тәрбиесі», «Қыз тәрбиесі», «Жыныстық тәрбие», «Тұрмыстық зомбылықтың алдын-алу», «Ата-аналармен сауалнама» мәселелері қаралып, жаңа форматта дөңгелек үстел өткізілді. Нәтижесі жақсы. Ата-аналардың бала тәрбиесі

Жу туралы өз ойларын айтып, ойынның пайдасы мен зиянды жақтарын жазды. Тренинг
а откізілді. Желтоқсан айында 11 сынып оқушыларының ата-аналарымен жиналыс откізілді.
« Сабақ үлгерімі мен емтиханға дайындығы жайлы хабарланып түрлі мәселелер қозғалды.
6 VIII. Мұғалімдермен: Қыркүйек айында жалпы мұғалімдермен «Жас келсе іске»
1 тақырыбында тренинг откізілді.

2 Нәтижесінде жұмысқа қозғарастары жақсы. Мұғалімдік этиканы толық ұстанады. Қазан
1 айында «Көзге арналған жаттығу» презентациясы жіберілді.

«Ми гимнастикалары» тренингі қараша айында өтілді. Қорытынды нәтижесі бойынша
мұғалімдер белседі қатысты, көңіл-күй барометрі жоғары деңгейде болды.

IX.«Ерте жүктіліктің алдын алу іс-шарасы және медбикемен бірлескен жұмыс» 2022-
2023 оқу жылының басында мектеп медбикесі Д.Бакирова, педагог ұйымдастырушы
Г.Төлеген бірлесе отырып жоспар құрылды. Диспансерлік есептегі оқушылардың, үйде
оқитын оқушылардың қорытындылары мен тізімдері алынды.

-Қыркүйек айында мектеп медбикесімен Д.Бакировамен бірлесе отырып 8-11 сынып
қыздар арасында «Ерте жүктілік туралы не білеміз?» сауалнамасы алынды. Сауалнама
нәтижесінде қыздар ерте жүктілік туралы мәлімет және оның зиянды жағы туралы біледі.
Қыздар арасында қобалжытатын, келеңсіз жағдайлар кездескен жоқ.

-Қазан айында 8-11 сынып қыздарына «Ерте жүктіліктің жасырын жақтарын білесің бе?»
тақырыбында жиналыс откізілді.

-Қараша айында 7-11 сынып қыздар арасында «Әжелер кеңесі», «Аналар мектебі»
ұжымының мүшелерінің қатысуымен «Қыз өмірдің-гүлі» жиналысында түрлі түсті
кағаздан бұйым жасау, мақал- мәтелді жалғастыр, сұрақ-жауап тапсырмалары откізілді.

-Желтоқсан айында 8-10 сынып қыздар арасында кездесу өтті. «Зорлық-зомбылықтың
алдын –алу және ерте мәжбүрлі некеден қорғану» туралы.

10. Мемлекеттік емтиханға оқушыларды психологиялық дайындау. 11 сынып
оқушыларымен Қыркүйек айында «Мен өмірді сүйемін!» тренингі откізілді. Қараша
айында «Мен жетістікке жетемін!» ойын түрінде тренинг сабақ жүргізілді.

11. Қыркүйек-Қазан-Қараша айларында «Бес терек» жобасы бойынша 5-11 сынып
оқушыларымен проективті әдістер «Үй, Адам, Ағаш», «Менің отбасым» сурет салды, «
Менің ең жақын досым», «Менің отбасым» эссе жазды, «Аяқталмаған сөйлемдер»
сауалнама алынды. Нәтижесінде анықталған оқушылармен жеке және топтық жұмыстар
жүргізілуде.

Жоспарға сай «Анама хат» , «Әкеме хат» 7-11 сынып оқушыларымен ата-аналарға хат жаз
іс-шарасы ұйымдастырылды.

Жасөспірімдер арасындағы аутодеструктивті мінез құлықтың, зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында 5-11 сынып оқушылар арасында Қыркүйек пен Желтоқсан айы аралығында «Сен күлімдесен, әлем күлімдейді!», «Мен өмірге құштармын», «Әлімжеттік не екенін білесің бе?», «Буллинг, кибербуллинг дегеніміз не?» табырыптарында тренингтер өткізілді.

12. Қараша-Желтоқсан айларында 2006 жылғы военкоматқа баратын ұл балалардың тізімі жинақталды. Темпераментін анықтайтын тест алынды. Жеке жеке зерделеу парағы, кітапшалары, психологиялық мінездеме жазылып Тазабеков Нұрланға жинақталып берілді.

13. «Жан дүние әлеміне саяхат» тақырыбында 10 күндік негізінде: Педагог-психологтар М.Рысбек пен Ф.Кундебекованың ұйымдастыруымен өткізілді.

Қаңтар айында 5-8 сынып оқушыларымен ақыл-ой деңгейін анықтау бойынша «Штур» тесті алынып, анықтамасы жазылды.

Зорлық-зомбылықтың алдын-алу бойынша 5-11 сынып ата-аналарымен «Балаңызбен дос, сырлас бола білесіз ба?» жиналыс болып өтті.

Ерте жүктіліктің алдын алу бойынша «Қызды қырық үйден тыю» 5-11 сынып қыздарымен жиналыс болып өтті.

Әскерге шақырылушылармен тест сұрақтары, сауалнамалар алынды.

Жоғары және орта буын оқушылар арасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

«Сіздің балаңыз үшін мамандықты кім тандайды» ата-аналарға видеороликтер, кеңес беру, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Ақпан айында 5-11 сынып оқушылармен «Интернеттің пайдасы мен зияны» интернет сайттары жайында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша 5-11 сынып оқушыларымен «Телефонға тәуелділік» видеоролик көрсетілді.

Жасөспірімдік кезеңнің психологиялық ерекшеліктері ата-аналарға видеороликтер көрсетілді.

«ҰБТ-ға сенімділігіңді арттыр» 11-сынып оқушыларымен тренинг жүргізілді.

Мектеп ұжымымен тынығу, сергіту жаттығулары жүргізілді.

5-11 сынып оқушыларымен «Сен агрессияңды қалай женесің» видео роликтер көрсетілді.

Сәуір айында «ҰБТ-бұл жай ғана сынақ» 11 сынып оқушыларымен тренинг, жаттығулар жүргізілді.

Жас мамандармен тренингтер жүргізілді.

«Отбасындағы әлеуметтік психологиялық реттеу және нығайту жолдары» жалпы ата-аналар жиналысы болды. Кеңес беру, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Мамыр айында 7-8 сынып оқушыларымен аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша жұмыстар жүргізілді.

«Мақсат қою және оған жету жолдарын білесіз бе?» 9-11 сынып оқушыларымен түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

«Сіздің балаңыз үшін мамандықты кім таңдайды?» 9-11 сынып оқушылардың ата-аналарымен жұмыс.

Педагог-психологтар:

Б.Кожамбердиева

М.Рысбек